

**№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы өткізілген жиналысының**

**ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні : 25.09.2023 жыл

Ұшқын ауылы

Қатысқандар: Келес АПБ ЖПҚ – нің ЮПТ УПИ полиция майоры М.Ж. Сарсенов, Мектеп директоры Ө.Ахметов, 7-9 сынып оқушылары – 22.

**Күн тәртібі:**

1. «Қылмыс – құқық бұзудың ауыр түрі» тақырыбында оқушыларға түсіндіру жұмысын жүргізу / *Келес АПБ ЖПҚ – нің ЮПТ УПИ полиция майоры М.Ж. Сарсенов/*
2. Басқада мәселелер бойынша : / *ДТІЖО: Б.Султанов/*

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша алғашқы сөзді мектеп директоры Ө.Ахметов алып, қазіргі таңда қоғамда болып жатқан жасөспірімдер арасында қылмыстар туралы қысқаша тоқтала келе, жастар арасында келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін ұстаздар, ата-аналармен тығыз жұмыс жасау керектігі жөнінде айтып өтті. Кейінгі сөз кезегін Келес АПБ ЖПҚ – нің ЮПТ УПИ полиция майоры М.Ж. Сарсенов алып ауданымызда жасөспірімдердің қатысуымен қылмыстың көбейгенін алға тарта, мұғалімдермен біргелікте оқушылар арасында тұрақты түрде рейдтердің жүргізіліп жатқандығын айтты. Қылмысқа итермелеудің ең басты себебі жастарымыздың ұялы телефондардан рұқсат етілмеген видеороликтер мен адам психологиясына әсер ететін видеороликтерді көруі, ата-аналардың балаларды дұрыс қадамалауының әсеріне болатынын айтып өтті. Құқық бұзушылықтың басты себептері мен алдын алу жолдарын түсіндірді.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов алып, өз сөзінде жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау мақсатында ата-аналар комитеті, ардагерлер кеңесі, ұстаздармен бірге үнемі тығыз байланыста болып, педагогикалық психологиялық ой бөлісулер жүргізу керек, ата-аналар, ұстаздар барлығы бірлесе жұмыс атқару керектігін және әсіресе кешке қарай ұл-қыздарымызды қадағалау керектігін айтты. Ауылдың учаскелік полиция инспекторымен бірге арнайы топ құрамы кеш мезгілдерінде ауылды аралап тұруды ұдайы жалғастырып отыру керектігін айтты.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Қорытындылай келе құқық бұзушылықтың алдын алу түсіндірме жұмыстары қанағаттанарлы деп танылсын.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:  **Ө.Ахметов**  
Хатшы:  **М.Асанова**



